

Ортаңғы топ ата - аналарына арналған кеңес

Тақырыбы: «Баланың эмоционалдық дамуына ата-ананың ықпалы»

Мақсаты: Ата-аналарға баланың эмоционалдық дамуының маңызын түсіндіру, отбасы ішіндегі қарым-қатынас арқылы баланың сезімін тану, реттеу және дұрыс білдіру дағдыларын қалыптастыру жолдарын көрсету.

Кеңес:

- ✓ Бала сезімін жоққа шығармай, оны тыңдаңыз және қабылдаңыз.
- ✓ Күн сайын жылы сөз айтып, құшақтап, қолдау көрсетіңіз.
- ✓ Үлгі болыңыз: өз эмоцияңызды сабырмен білдіріңіз.
- ✓ Баламен сапалы уақыт өткізіңіз (әңгімелесу, ойын, бірге әрекет).
- ✓ Жазалаудан гөрі түсіндіру мен келісімге келуді таңдаңыз.
- ✓ Баланың жетістігін байқап, мадақтаңыз.



Қорытынды: Эмоционалдық қолдау көрген бала – өзіне сенімді, мейірімді және қоғамға бейім тұлға болып өседі.

Ересек топ ата - аналарына арналған семинар практикум

Тақырыбы: «Жылы жүрек – мейірімді отбасы» семинар-практикумы

Мақсаты: Ата-аналардың отбасындағы жылы қарым-қатынас пен мейірімділіктің бала дамуына әсерін түсіндіру, эмоционалдық қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру және отбасы мүшелері арасындағы сенімді, сыйластыққа негізделген қарым-қатынасты нығайту.



Қорытынды:

Мейірімділік пен жылылыққа толы отбасы – баланың тұлғалық және эмоционалдық дамуының берік іргетасы. Ата-ананың түсіністігі, қолдауы және сүйіспеншілігі баланың өзіне деген сенімін арттырып, айналасына жағымды қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді.

«Жылы жүрек – мейірімді отбасы» қағидасын ұстанған әрбір ата-ана баласының бақытты, сабырлы және табысты болып өсуіне үлкен үлес қосады.